

ҚЫЛМЫС ЖАСАУ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қылмыстық істердің талдауы оқиға орнын қарау барысында негізінен «дәстүрлі іздердің» (аяқ, қол, бұзу құралы) жинақталатынын қуәландырады. Осы жағдайда кәлік құралдарының іздерін, қылмыскердің одорологиялық іздерін, сонымен қатар, тікелей қылмыс жасау жерінен қол мен аяқ іздерін алудың бірде-бір дерегі белгіленбеді. Жедел-тергеу тобының мүшелері оқиға болған жеріне ықтималды келу және кету жолдарында орналасатын, қылмысқа дайындалу және жасыру орындарындағы іздерді кәз алдарынан жоғалтып алады. Бұл қылмыс жа-сау жағдайы, ақыр соңында қылмыс жәніндегі аса толық ақпаратты жинаудың шынайы мүмкіндіктерін жоғалтуға алып келеді. Оқиға болған жерді қарау нәтижелілігі анықталған іздер бойынша әткізілетін сараптамалар мен зерттеулер нәтижесінің негізі болып табылады. Біздің тергеушілермен жүргізген сұхбаттасулар кәрсеткендей, 93 % жағдайларда адам іздері қылмыс жасау жағдайы жәніндегі негізгі қайнар кәздері болып табылады.

Сәйкесінше тергеу міндеттерін шешу үшін қолданылатын тергеуші әрекеттерінің жиын-тығы кез келген қылмыстық іс бойынша қылмыс жасау жағдайы жәніндегі криминалистік ақпараттың қажетті кәлемін алуды қамтамасыз етеді.

Қылмыс жасау жағдайын толық, терең және жан-жақты зерттеуге тергеушінің белгілі әрекеттер бағдарламасы түрінде ұсынылған әдістемелік ұсыныстарын орындау арқылы жетуге болады. Оған тәмендегілер жатады:

1. Қылмыс жасалғаны туралы дерегін белгілеу. Қылмыс жағдайы жәніндегі мәліметтерді алу мақсатымен құқық қорғау органының бастапқы материалдың түсуі кезінде барлық алынған құжаттарды жете зерттеу, ондағы бар деректерді талдап, бағалау, оларды бір-бірімен салыстыру, олардың әрқайсысын жеке-жеке және бірге бағалау қажет.

Тергеуші бірінші кезекте оқиға болған жерде материалдық іздерді зерттеу деректерінен, қылмыстың материалдық жағдайындағы өзгерістерінен, шағылатын объектілер арасындағы байланыстарынан қылмыс жасау жағдайы жәніндегі ақпаратты алады.

Тергеу кезінде қылмыстың уақыт пен кеңістікте қалай дамығанын, сол жағдайда қандай материалды объектілер өзара әрекеттескенін, мұндай әрекеттестік салдарында қандай іздердің қалыптасқанын белгілеген жән.

Қылмыс жасау жағдайын талдау кезінде әртүрлі тәсілдер қолданылады. Алдымен қылмыс орнында қылмыстың жасалуына дәл нұсқаушы белгілері жете зерттеледі. Нәтижесінде, тергеушінің қылмыс жасау жағдайы жәніндегі бастапқы түсінігі қалыптасады, бұл тергеушінің одан кейінгі талдамалы жұмысын жасау негізі болады.

Одан кейін қылмыс жағдайы жәнінде тұтастай түсінік қалыптастыру қажет. Қылмыс жа-сау жағдайы жәніндегі тұтастай түсінік бір жағынан, қылмыс жасау жағдайының ішкі элементтері жәніндегі деректердің үлкен кәлемін және олардың арасындағы байланысты анықтау, олардың мазмұны мен сапалы сипаттамаларын анықтап алу негізінде, ал басқа жағынан, қылмыс жағдайының сыртқы байланыстарын қылмыс оқиғасының басқа элементтерімен байланысын анықтау жолымен қалыптасады.

2. Қылмыс жасау жағдайы мен қылмыс арасындағы байланыс заңдылықтарын анықтау. Қылмыс жасау жағдайының сыртқы байланыстарының анықталуы, ал солар арқылы қылмыс жағдайы жәніндегі жалпы түсініктің қалыптасуы олардың қылмыстық әрекетпен, тұтастай қылмыспен байланысының анықталуын белгілейді. Мысалы, қылмыс жағдайы жәніндегі мәліметтер қылмыс жасалған жағдайының қандай да бір объектісінің, сәйкесінше ортасының ерекше байланыстарына бағыт беруі мүмкін. Нәтижесінде, тергеуші қылмыстың шынайы себептерін анықтауға белгілі мәліметтерді алады, оған жәрдемдесуші жағдайлардың анық қанығына жету мүмкіндігі болады. Тергеуші бұл деректерді пайдалана отырып, қылмыс субъектілері жәнінде қандай да бір тұжырым жасай алады.

Қылмыс жасау жағдайы тек қылмыс субъектісі мен оның басқа да қатысушыларының әрекеттерін ғана емес, сонымен қатар, заттай объектілері мен оқиғаға қатысушылардың өзара байланысынан тұрады.

Қылмыс жасаған тұлға материалдық ортамен өзара байланыста болып, белгілі бір өзгеріс-тер енгізеді, онда оның қылмыстық мақсаты, іс-әрекеттер себебі, тұлғаның жеке қасиеттері, қылмыс сипаты мен қылмыскердің жеке басы жөнінде шешімдер, жасауға болатын қылмыс жасау әдісі кәрініс табады. Р. С. Белкиннің келесідей тұжырымдамасымен келіспеуге болмайды, ол айтқандай: «Шағылыс арқылы шағылатын объект туралы тұжырым, шағылыс мазмұнды ақпаратқа ие және өзгерістер мен оқиға арасындағы байланыстарды олардың мазмұны арқылы анықтауға болатын жағдайда жасауға болады. Өзгерістердің мазмұны мен олардың сипаты осы өзгерістер жөніндегі ақпарат болып табылады. Соңғылары олардың қандай екендіктері жөніндегі деректері, яғни, нәтижесінде өзгеріс айналатын, жалпы шағылу үдерісі жөніндегі ақпараты бар екенін көрсетеді...».

Осыған байланысты материалдық ортада болатын өзгерістер мен қылмыс жасау жағдайы арасындағы байланысты анықтау қажет. Қылмыс нәтижесінде болған өзгерістердің материалды тасымалдаушы қылмыс жасау жағдайы болып табылады.

Қылмыстың объект, объективті жақ, субъект, субъективті жақ секілді элементтерден тұратынын ескере отырып, оның қылмыс жасау жағдайындағы материалдық шағылуының жан-жақты екені және тұтастай объектілер қатарында болатыны мәлім. Материалдық жағдайының әртүрлі объектілеріндегі криминалистикалық ақпараттың үлестірілуі, осы ақпараттың сипаты, оның болған оқиғаның бейнесін құру және одан әрі тергеу үшін құндылығы әр алуан. Қылмыс жасау жағдайын арнайы зерттеу, болған оқиғалардың жағдайлары мен қылмыскердің жеке басын белгілеудегі рәлін бағалау үшін материалдық жағдай объектілерінде болатын барлық ақпаратты жіктеу керек.

3. Қылмыс жасау амалы мен қылмыс жасау жағдайы арасындағы байланыстарын анықтау. Атап айтқанда, басқа жағдайда осы қылмыс жасау амалының қылмыстық нәтижеге жетуге алып келетіндігін куәландыратын ерекше байланыстарды анықтаудың қылмыс жағдайы жөніндегі тұтастай түсініктің қалыптасуы үшін атқаратын маңызы зор. Қылмыс жасау амалының субъективті ортаға (мысалы, қылмыскердің бәлмеге бұзып кіруіне мүмкіндік берген құралы болды); объективті ортаға (қылмыс түнде жасалды) жоғары бейімделу деректері осындай байланыстарын бар екендігін көрсетеді. Осыдан қылмыскердің осы орынды арнайы таңдағаны, осы амалды ғана білетіндігі, ал амалдың кәсіби және қылмыскерлік тәжірибеге байланысты екендігі жөнінде шешім шығаруға болады.

Қылмыс жағдайы қылмысты дайындау, іздерін жасыру амалдарын көрсетеді. Қылмыс жағдайы жөніндегі деректердің талдауы алдымен қылмыскердің әзіне көрсететін, қылмыскердің жасырып қойған дайындық және іздерді жасыру белгілерін анықтайды.

4. Қылмыстық қол сұғу заты мен қылмыс жасау жағдайы арасындағы байланыстарын анықтау. Қылмыс жасау жағдайының элементтері болып табылатын заттарды зерттеу оқиға механизмін модельдеуге қажетті ақпаратты алуға және онда көрсетілген заттардың қызметтерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Қылмыс жағдайын нақтылап алу үшін қандай заттардың қылмыс жағдайының органикалық керек-жарағы болып табылатынын, қандайлары тергеліп отырған оқиғаға дейін пайда болғандығын анықтау қажет. Мұндай заттар ең алдымен, жалпы қылмыс орнымен үйлеспешілігімен әзіне назар аудартады.

Оқиғаға дейін қылмыс орнына кірген қандай да бір заттардың (немесе мұндай заттардың бір бөлігінің) болмауы, бар бүліну сипаты қылмыскердің (немесе қылмыскерлердің) әрекетінің бағытын, мақсаты мен ниетін сипаттап бере алады. Заттардың орналасуының және өзара орналасуының зақымдану сипатына сәйкес келмеуі қылмысты жасағансып алдау әрекетін жасағанды білдіреді (мысалы, басқа оқиғаны жабу мақсатымен).

5. Қылмыс жасау жағдайы мен жәбірленуші тұлғаның арасындағы байланыстарын анықтау. Қылмыс жасау жағдайын зерттеу теориясы жәбірленуші жөніндегі мәліметтерді зерттеусіз болмайды. Жәбірленуші жөніндегі мәліметтер қылмыскердің жеке басын, қылмыс жасау себептерін толығырақ сипаттауға мүмкіндік береді және сәйкесінше қылмыскердің ізделуі тиіс тұлғалар шеңберін нақтырақ белгілеуге және олардың таңдаған амалы мен қылмыс жасау жағдайының дербестігін түсіндіруге, дәлелдемелерді іздеу бойынша іс-шараларды жоспарлауға көмегін тигізеді.

Жәбірленуші жөніндегі ақпарат демографиялық ақпараттардан (жынысы, жасы, тұру мекенжайы, кәсібі және т. б.), оған келтірілген зардап сипаты мен көлемі жөніндегі, жәбірле-

нушінің физикалық, биологиялық және психологиялық ерекшеліктері, оның тұрмыс қалпы, науқастары, өзін ұстау тәртібі (виктимология тұрғысынан), мәдениет деңгейі, құндылықты бағдарлары, басқа адамдармен байланыстары мен қарым-қатынастарының болуы жәніндегі мәліметтерден тұруы қажет. Жәбірленуші мен олардың мінез-құлқы жәніндегі мәліметтер (қылмыс жасағанға дейін, жасау сәтінде және жасағаннан кейін) қылмыстың кәптеген жағдайларына тереңірек енуге және жиі қылмыскердің әрекетінің бағыты мен себептерін, оның жалпы және жеке қасиеттерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

6. Қылмыс жасау жағдайы мен қылмыскер тұлғасының байланыстарын анықтау. Қылмыс-ты ашу үшін сонымен қатар қылмыс жағдайының қылмыскердің жеке бас ерекшеліктерімен байланысын анықтау қажет. Мұндай байланыстардың бірі оңай анықталады (мысалы, ұрлық-ты пәтерге қолжетімді адамның немесе жәбірленушінің танысының жасағандығы). Қылмыс жағдайы мен қылмыскердің аса күрделі байланыстарын анықтау үшін қылмыс жасау жағдайының мәліметтерін толығырақ талдау қажет (мысалы, зорлық жасаған тұлғаның мүмкін де-ген психопатикалық ауытқуы жәніндегі тұжырымға тек барлық деректерді жақсылап зерттеп қана жетуге болады).

Қылмыс жасау жағдайы жәніндегі мәліметтердің криминалистикалық талдануы олардың арасындағы қандай да бір ерекше байланыстардың бар екендігін көрсетуге қабілетті. Мысалы, қылмыскердің құндылықтарды иеленудің аса қауіпсіз әдіс-амалдары мен жолдарының бар болуы, сақталу орны, жәбірленушінің қылмыскерге сенімі және т. б. жәнінде білуі. Ерекше қатынастардан басқа, талдау жолымен қол сұғу орны мен объектілерінің аз байқалатын байланыстары да анықталуы мүмкін. Мысалы, қылмыс жасау нәтижесіндегі қол сұғу объектісінің иеленген белгілері жәніндегі, қылмыскер мен жәбірленуші арасындағы танысу сипа-ты және т. б. жәніндегі мәліметтер.

Тергеуші осындай байланыстарды анықтау нәтижесінде қылмыскердің қол сұғушылық жасалған объектілердің қасиеттері, қылмыс себептері мен мақсаттары, жәрдемдесушілердің болуы, ұрланған мүліктің мүмкін болатын әтім каналдары және т. б. жәніндегі хабардар болуы дәрежесі жәнінде шешім шығара алады.

7. Қылмыс жасау жағдайы жәніндегі деректердің талдауын ескере отырып, тергеудің бағыты мен қылмыскерді іздеу жәніндегі шешімдерді қабылдау. Қылмыс жасау жағдайының аталған заңдылық байланыстарының талдауы қылмыстық іс бойынша дәлелденуге тиісті нақты жағдайлар тізімін толық және дұрыс құрастыруға мүмкіндік береді.

Қылмыс жағдайы жәніндегі мәліметтердің криминалистикалық талдауы ақырғы мақсатқа — қылмыскерді анықтауға бағытталған. Осыған байланысты қылмыс жағдайының анықталуы тиіс басқа жағдайлармен байланысын және олардың негізінде жасалған тұжырымдама-сын анықтаған соң, бірінше кезекте қылмыс жасаған тұлға жәніндегі деректер жинақталып, талдануы тиіс. Осының нәтижесінде қылмыскердің биологиялық, физикалық, психологиялық белгілері, қасиеттері, сонымен қатар, оның криминалдық қасиеттері жәнінде шешім шығаруға болады.

Бұл тергелініп отырған оқиғаның дұрыс біліктілігін, жеке жағдайларының өзара байланы-сын, қылмыс жасау жағдайының жеке элементтерін анықтап білудің мүмкіндігі мен күрделі-лігін анықтауға, тергеудің дұрыс бағытын белгілеуге мүмкіндік береді.